





Оқу мен тәрбие - егіз



Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды.

(Ы.Алтынсарин.)



Ата-аналар, сіздер үшін!

1. Балаңыздың қойған сұрақтарына шыдамдылықпен жауап беріп, шындығын айтып отырыңыз;
2. Балаңыздың жеткізген ойын ескеріп отырыңыз;
3. Балаңызда бір іспен айналысатын бөлме немесе бұрыш болуы керек;
4. Үстелде немесе ойын жерінде шашылып жатқан ойыншықтар мен қағаз қиындылары бала шығармашылығына байланысты болса, балаға ұрыспауға тырысыңыз;
5. Ересек адам баланы жеткен жетістіктері үшін емес, баланың өзін жақсы көретіндігін түсінуі керек;
6. Балаңызға өз жұмыстарының жоспарын құра білуді және шешім қабылдауды ертеден үйрету қажет;
7. Қызықты жерлерге саяхат жасаған уақытта мүмкіндігінше балаңызды бірге алып жүруге тырысыңыз;
8. Балаңыздың ешқашанда кемшіліктерін көрсете отырып, басқа балалармен салыстырмаңыз;

Ата-аналар, сіздер үшін!

9. Күнде балаңызбен бірге әр бағытта әңгімелесуге тырысыңыз;
10. Әр күн сайын балаңызбен жеке қалып, сөйлесуге тырысыңыз;
11. Егер балаңыз қателіктер жасап жатса, мазақтап, қайталай бермеңіз;
12. Егер балаңызды мақтау керек болса, нақты әрекетіне ғана мақтау айтыңыз және ол шын көңілден болуы керек;
13. Балаңызға ересектермен қарым-қатынасқа түсуде өзін қалай ұстау керек екенін қайта-қайта айтып отырыңыз;
14. Мұғалімді, мектепті жамандаудан аулақ болыңыз.
15. Баланы қабылдау – оны жақсы көру деген сөз. Баланы әдемілігі, қабілеттілігі, үздік оқығаны үшін, әрқашан көмектесетіні үшін жақсы көрмей, оның бар болғаны үшін жақсы көрген жөн.
16. Баланың жеке әрекеттеріне өзіңіздің ренішіңізді білдіріңіз, бірақ та оның барлық түр-тұлғасына өкпелемеңіз.
17. Егер балаңыз көмек сұрамаса, оның айналысып жатқан ісіне кедергі келтірмеңіз.

Ата-аналар, сіздер үшін!

18. Балаңызға өз әрекетінің теріс жақтарымен кездесуге мүмкіндік беріңіз. Тек осындай жағдайлармен кездескен кезде баланың өсуі мен санасының жетілуі жүзеге асады.

19. Баланы белсенді түрде тыңдау - оның сезімдерін білдіре отырып, өзінің айтқан әңгімесіне "қайтару".

20. Балаңызға өз сезіміңізді айтқанда бірінші жақтан айтыңыз. Яғни ол және оның мінез-құлқы жайлы емес, өзіңіз, өз сезінулеріңіз жайында айтыңыз.

21. Артық мәселелер мен қақтығыстарды тудырмас үшін өз күтулеріңіз бен балаңыздың мүмкіндігін жайлап өлшеңіз.

22. Балаңызға талап қою мен тыйым салуды айтқанда бұйрық жасап емес, достық-түсіндірмелі тонда хабарлаңыз.

23. Баланы жазалағанда жамандық қылмай, оны жақсыдан шектеген жақсырақ.

24. Балаңызды күніне төрттен артық, тіпті сегіз реттен құшақтаңыз.

Мектепішілік пән олимпиадасы

